

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
IMS OF LN GUMILYOV ENU  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE  
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ  
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»  
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ  
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

*Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының*

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ  
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ  
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

*Works of the international scientific- practical conference*

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS  
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE  
OF TURBULENCE»**

**2 часть**

**2015**

**Астана**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5  
Ә 52

### Редакция алқасы

*МАДИЯРОВА Д.М.* – төрағасы, э.ғ.д., профессор  
*РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.* – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
*АХМЕТЖАНОВА С.Б.* - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты  
*АЗАТБЕК Т.А.* – э.ғ.д., профессор  
*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* – э.ғ.д., профессор  
*РАИМБЕКОВ Ж.С.* – э.ғ.д., профессор  
*ШАЛБОЛОВА У.Ж.* – э.ғ.д., профессор  
*КӘРІБАЕВ Ә.А.* - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»  
*СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.* - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры  
*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

**ISBN 978-601-301-521-7**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

**ISBN 978-601-301-521-7**

функционирование общего рынка товаров, углубление сотрудничества в целях обеспечения экономической безопасности во всех ее аспектах, формирование согласованной политики, в том числе в аграрной сфере.

Таким образом, сформированы многие положения, необходимые для осуществления согласованной (скоординированной) политики в отношении сельскохозяйственной продукции и продовольствия и обеспечения свободного передвижения такой продукции на единой таможенной территории Таможенного союза, а в дальнейшем - Евразийского экономического союза. Однако, не все положения работают в полную силу, многие моменты еще требуют пересмотра и доработки со стороны законодательных структур стран-участниц Евразийского Экономического Союза.

### **Список литературы**

1. «Концепция согласованной (скоординированной) агропромышленной политики государств-членов Таможенного союза и Единого экономического пространства» от 29 мая 2013 г. № 35, режим доступа [Электронный ресурс]: <http://www.garant.ru>.
2. Технические регламенты Таможенного союза: информационно-правовой портал «Астанатест», режим доступа [Электронный ресурс]: <http://astanatest.kz/dejstvuyushhie-texnicheskie-reglamenty>.
3. «Декларация о евразийской экономической интеграции» от 18 ноября 2011г.: информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет», режим доступа [Электронный ресурс]: <http://adilet.zan.kz>

## **ЕЛБАСЫНЫҢ ҚХР-НА САПАРЫ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

А.К.Нуридденова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
жанындағы Заманауи зерттеулер институты, Астана қ.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың осы жылдың 30 тамыз – 3 қыркүйек аралығында болған ҚХР-на мемлекеттік сапары барысында екіжақты қарым-қатынастар ресми түрде жаңа деңгейге көтерілді. Оған, аталмыш сапар барысында екі елдің басшыларымен қол қойылған жан-жақты стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі жөніндегі бірлескен Декларация айғақ бола алады. Бұл орайда атап өтетін бір жайт, ҚХР-дың төрағасы Си Цзиньпинның мамыр айындағы Қазақстанға ресми сапары барысында екі елдің басшылары Қазақстан-Қытай қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтерудің кезегі келгендігін өзара мойындаған болатын. Сондықтан, Қазақстан Президентінің «Аспан асты еліне» осы жолғы мемлекеттік сапары екіжақты қарым-қатынастарға жаңа серпін беруге бағытталғандығы анық.

Сапар барысында Президент Назарбаев Си Цзиньпинмен кездесіп, нәтижесінде, 45 бірлескен нысан ашу жөні келісіліп, оның 25-сі бойынша жалпы құны 23 млрд. доллар болатын келісімге қол жеткізілді. [1] Осы орайда тоқталып өтетін бірнеше келісімдер бар. Соның бірі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «СИТИК Групп» арасындағы бірлескен инфрақұрылымдық қор құру жөніндегі келісім. Мұндай қордың басты міндеті алдағы уақытта Қазақстандағы жаңа инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру болмақ. «СИТИК Групп» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Чан Чжэнмин бұл қордың Қазақстанның шикізат секторына бағытталатынын және инвестициялар көлемінің 600 млн. доллар шамасында болатындығын мәлімдеді. Сонымен қатар, «Астана ЭКСПО — 2017» ҰК АҚ және Қытайдың халықаралық сауданы дамыту жөніндегі комитеті мен ҚХР-дың ірі туроператы CITS араларындағы келісім бойынша Қытай тарапы 2010 ж. Шанхайда өткен халықаралық көрменің тәжірибесі негізінде «Астана ЭКСПО — 2017» ұлттық компаниясына консультативті, ақпараттық-сараптамалық және әдістемелік қолдау көрсетуге және инвестициялар тартуға келісті. «Astana LRT» ЖШС мен ҚХР компаниялар консорциумы арасындағы EPC (Engineering, Procurement, Construction) келісімшартына келсек, осы жылдың мамыр айында China Railway International Group және Astana LRT арасында «Astana City LRT» (Light Rail Transit) жобасының бірінші кезеңін жүзеге асыруды бастау келісіліп оның қаржыландырылуын бекіту үшін 3 ай уақыт берілген болатын. Осылайша, аталмыш келісім осы жобаны қаржыландыру бойынша кейбір іс-әрекеттердің нақтыланғанын білдіреді.

Бұл сапардың басты ерекшелігі – оның қазіргі таңда орын алып отырған әлемдегі валюта нарығының құбылмалығы жағдайында іске асырылуы болып отыр. Осыған орай, Н.Ә.Назарбаев Қазақстан нарығында бірнеше жылдан бері жұмыс жасап келе жатырған бірқатар қытайлық ірі корпорациялардың басшыларымен жеке кездесулер өткізіп, олардың Қазақстанның инфрақұрылымын дамытуға ат салысу мүмкіндіктерін талқылады. Атап айтсақ, «Ситик Групп» корпорациясының (CITIC Group) «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы инфрақұрылымдық дамуға, «Цинхуа» (Qinghua) корпорациясының энергетика секторы, оның ішінде көмір өнеркәсібіне қатысуын ұлғайту және CNPC корпорациясын шикізат саласынан өзге де салаларға ат салысуға шақырды. Сонымен қатар, аталмыш сапар Қытайдың ірі корпорацияларын энергетика және ресурс өндіру саласынан гөрі экономиканың өңдеу, машина жасау және ресурсты қайта өңдеу секторларына бет бұруға ынталандыруға бағытталды. Жалпы, сапар аясындағы мұндай келісімдер негізгі үш салаға байланысты жасалып отыр. Олар: бірлескен автокөлік өндірісі, көмірді өңдеу арқылы синтетикалық өнімдер алу және мұнай саласына қатысты жобалар.

### **Қазақстан – Қытай: екіжақты экономикалық қарым-қатынастың қазіргі ахуалы**

Екіжақты стратегиялық әріптестік қарым-қатынастың негізі сауда-экономикалық сала бойынша дамуда. Осы орайда, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық өзара ықпалдастық пен экономиканың әртүрлі секторларындағы әріптестікті алға қарай дамыту ісіне екі ел басшыларының

тапсырмасымен 2013 жылдың қыркүйегінде құрылған Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі жауапты. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында екі ел арасындағы сауда айналымы 5 млрд. АҚШ долларынан асып, бұл көрсеткіш Қазақстанның жалпы сыртқы сауда айналымының 13.6%-ын құрады. Соның ішінде, екі ел арасындағы импорт пен экспорт көлемі Қазақстанның жалпы импорт және экспорт көлемінің 17% және 11.3%-ын құрады. Қазақстанның Қытайға бағытталған экспортының негізгі құрамын көмірсутегі шикізат өнімдері, минералды ресурстар және мал шаруашылығы өнімдері құраса, ҚХР-дан келетін импорттың басты бөлімін машиналар мен құрылғылар, приборлар мен аппараттар, құрылыс материалдары мен тігін өнеркәсібінің өнімдері құрайды. Осылайша, ҚХР Қазақстанның Ресейден (Қазақстанның жалпы сауда айналымындағы Ресейдің үлесі 19.1% болып табылады) кейінгі екінші ірі сауда-экономикалық әріптесіне айналып отыр. [2]

Оған қосымша, Қазақстанның 2015 жылдың шілде айында Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) де-юре қабылдануы мен осы жылдың қазан айына белгіленген ратификация жүзеге асырылған жағдайда, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың көлемі одан әрі кеңейі әбден мүмкін. Осы орайда, Қытайдың кейбір сарапшылары Қазақстанның ДСҰ-на мүше болып қабылдануына байланысты кедендік салықтың 4 пайыздық пунктке дейін төмендейтіндігі қытайлық экспортшылар үшін өте қолайлы мүмкіндіктің тудырғанын айтуда. [3] Еуропа және Орталық Азия зерттеу институты директорының орынбасары Лю Хуацинь Қазақстанның ДСҰ-на қабылдануы Қазақстан мен Қытайдың бұл ұйым шеңберіндегі ортақ ашықтық қағидалары бойынша жұмыс істей алатындығын және бұл оқиға Қазақстанға шетелдік инвесторларды тартуда маңызды белгі болмақ деген пікірін білдірді.[4] Алайда, Қазақстан Қытайдың ДСҰ аясындағы тәжірибесі негізінде кейбір туындауы мүмкін мәселердің алдын алу мүмкіндігіне ие. Оған бірден бір мысал Қытайдың ДСҰ-на мүшелікке өтуінен ең үлкен зардап шеккен саласы – ауыл шаруашылығы болған болатын. Яғни, Гонконг университетінің профессоры Шаогуан Вангтын зерттеуі бойынша аталмыш ұйымға мүше болу Қытайға тиімсіз әлеуметтік өзгерістер әкелгенін жазады. Оның айтуынша, фермерлер мен мемлекеттік кәсіпорындардың (SOEs) жұмысшылары зардап шегіп, ауыл мен кішігірім қалаларда орналасқан кәсіпорындарда жұмыс орындары қысқарған. Нәтижесінде, ҚХР-да 1970 жж. соңынан басталған экономикалық реформа ықпалымен қалыптасқан эгалитарлық қоғам өзгеріске ұшырап, халық арасындағы теңсіздік, ауыл мен қала арасындағы бөлініс, кіріс теңсіздігі секілді мәселелер туындаған.[5] Мысалы 2013 жылғы мәлімет бойынша Қытай Джинни коэффициенті бойынша әлемнің 141 елінің ішінде 26-шы орында.[6]

Сонымен қатар, екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың тағы бір ауқымды саласы – инвестициялық ынтымақтастық. Бұл орайда Қазақстанның мұнай-газ саласы Қытайлық ірі корпорациялардың қызушылығын танытқан бірден бір сала болып отыр. Қазақстанның энергетика саласындағы қытайлық компаниялардың үлесі 1997 жылдың қыркүйегінде қол

қойылған мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім мен ҚР-ның энергетика және минералды ресурстар министрлігі мен Қытайдың ұлттық мұнай-газ корпорациясы (CNPC) арасындағы кен орындарын игеру мен мұнай құбырларын салу жобаларын туралы басты келісімнің жасалуынан кейін күрт артқан болатын. Қытайдың Қазақстандық мұнай-газ саласындағы инвестициясы 82%-ды құраса, құрылыс және экономиканың басқа салаларындағы инвестиция үлесі 14%-ды құрайды.[7]

Осы саладағы тағы бір ілгері шара – өткен жылдың желтоқсанындағы ҚХР-дың Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Кэцянның Қазақстанға сапары аясында «Бәйтерек» холдингы мен Қытайдың экспорттық-импорттық банкі Қазақстан-Қытай инвестициялық қорын құру туралы меморандум юолып табылады. Аталмыш қорды құрудағы басты мақсат – Қазақстан экономикасының инфрақұрылым, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп, энергетика, логистика, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар секілді бағыттарын қаржыландыру. Осылайша, аталмыш салаларға байланысты жобаларды қаржыландыру Қытай және Қазақстан тарапынан тепе-тендік (яғни екі тарап қорға 50%-дан өз үлестерін қосуға тиіс) негізінде жүзеге асыру бастамасы қолға алынды. [8]

#### **Қазақстан Президентінің ҚХР-на сапарының қорытындысы**

Қазақстандық БАҚ мен ресми парақшалар Н.Ә.Назарбаевтың осы жолғы мемлекеттік сапарын бұған дейінгі сапарлармен салыстырғанда ерекше маңызы бар, келешекте екіжақты қатынастарды жаңа бағытқа бетбұрыс жасауға мүмкіндік беретін оқиға ретінде көрсетті. Сондықтан да осы орайда туындайтын басты сұрақтар: Қазақстан Президентінің осы сапары бұрынғы сапарлармен салыстырғанда несімен ерекшеленеді? Бұл сапардың екі тарапқа деген маңыздылығы мен оның тиімді немесе тиімсіз тұстары қандай?

Қазақстан басшысының Қытайға осы жолғы сапарының басты мақсатын айқындау асқан қиындық туғызбайды. Мәселен, Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстандық БАҚ өкілдерімен Бейжіңге мемлекеттік сапары аясында өткізген брифингте: «әлемдік экономика дағдарысты бастан өткеріп жатқан бүгінгі уақытта әлемдік қаржы институттарының инвестициялық мүмкіндіктері айтарлықтай азайды. Осындай жағдайда Қытаймен өзара іс-қимыл біз үшін күрделі кезеңді еңсерудің қолайлы мүмкіндігі болып саналады», - деп атап өткен болатын. Бұдан білуге болатын жайт – мұнай бағасының арзандауы, Қытай валютасының құнсыздануы мен одан кейін орын алған Азия елдерінің қор биржасы индекстерінің күрт төмендеуі, оған қоса халықаралық қаржы институттарының несие беруге ынталарының болмауы секілді қазіргі таңда әлемде орын алып отырған экономикалық тұрақсыздық Қазақстанды Қытайға қарай итермелей түсуде.

Шетелдік сараптама басылымдары бұл сапардың Астана үшін ең алдымен экономикалық маңыздылығын атап жазып, Қазақстанды Қытайдың бүкіл Азия елдеріне бөліп отырған инвестициясының ең көп бөлігін өз еншісіне байлаған ел ретінде сипаттауда.[9] Ал бұл сапардың Қытайға деген маңыздылығы оның саяси жағынан ҚХР-ға берері мол деген пікірлер айтылуда. Яғни, Қытай өзінің дамуы жағынан артта қалып отырған Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданын

«бір белдеу, бір жол» бастамасы арқылы дамытып, нәтижесінде бұл аймақтағы этникалық шиеленісті бәсеңдетуге мүдделі. Ал, өз кезегінде, Қазақстанның қолдауы бұл бастаманы іске асыруға бірден бір себеп бола алады деп айтылуда. [10] Сонымен бірге, Ресейлік сарапшылардың пікірінше, Қытай Қазақстан арқылы теңіз жолдарына балама іздейді деп тұжырымдайды. Мәселен, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының сараптама орталығының директоры Андрей Казанцевтың пікірінше: «теміржол және автомобиль жолдарының қымбат болуына қарамастан, олар Қытай үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды және қауіпсіз. Осылайша, Қытай өзінің импорт және экспорт операциялары жолдарын диверсификациялауға ұмтылуда». [11]

Қазақстан Президентінің Қытайға сапары нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады. Біріншіден, бұл сапардың ерекшелігі әлемдік валюта нарықтарының тұрақсыздығы мен Ресей және Қытай секілді ірі елдер экономикасының өсуінің бәсеңдеуінен туындаған шара. Екіншіден, Қазақстанның бұл сапар барысында экономиканың өңдеу және машина жасау секілді салаларына инвестиция тарту бойынша атқарылған жұмыстарына қарап, оны еліміздің экономикасын диверсификациялауға аса тиімді жетістіктер деп бағалауға болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. <http://egemen.kz/2015/09/02/74717>
2. [www.stat.kz](http://www.stat.kz)
3. Zhou Xiaoyang, Zhongguo chukou shang zhaodao sheng qian qiaomen: qudao hasakesitan zai ru eluosi, 21.07.2015 <http://www.jiemian.com/article/331261.html>
4. <http://www.inform.kz/rus/article/2790166>
5. Shaoguang Wang, “The Social and Political Implications of China’s WTO Membership”, Journal of Contemporary China, 2000, 9:25, 373-405.
6. <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-ctbook/rankorder/2172rank.h>
7. С.Шеменова, Некоторые аспекты инвестиционного сотрудничества Казахстана с Китаем в рамках ШОС, <http://kisi.kz/ru/categories/ekonomika-i-energetika/posts/nekotorye-aspekty-investicionnogo-sotrudnichestva-kazah>
8. <http://finance.nur.kz/345146.html>
9. <http://thediplomat.com/2015/09/a-cold-summer-for-china-and-russia/>
10. <http://thediplomat.com/2015/05/chinas-silk-road-in-the-spotlight-as-xi-heads-to-kazakhstan/>
11. <http://www.mgimo.ru/news/experts/document276694.phtml>